

Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы 2024 жылғы 5 шілдедегі № 109-VIII ҚРЗ

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы Конституциялық заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Республикалық референдум туралы" 1995 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына:

1) 6-баптың 4 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Референдум өткізу кезінде аккредиттелген қоғамдық бірлестіктердің, коммерциялық емес ұйымдардың атынан өкілдік ететін Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ шет мемлекеттерден және халықаралық ұйымдардан аккредиттелген байқаушылар, шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатыса алады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде аталған адамдарды аккредиттеу тәртібі, сондай-ақ олардың құқықтары мен міндеттері "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

Референдум комиссияларының жұмысына араласуға жол берілмейді.

5. Бұқаралық ақпарат құралдары референдумға дайындық пен оны өткізу барысын жария етіп отырады, олардың өкілдерінің референдум өткізуге байланысты іс-шараларға баруына кепілдік беріледі.

Сайлау учаскелерінде бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің болуы "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес реттеледі.";

2) мынадай мазмұндағы 7-1-баппен толықтырылсын:

"7-1-бап. Қоғамдық пікірге сауал салу

Республикалық референдумға байланысты қоғамдық пікірге сауал салу "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында белгіленген талаптарға сәйкес оған дайындық пен өткізу кезеңінде жүргізілуге тиіс.";

3) 24-бапта:

2-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Референдумға дайындық пен оны өткізу кезеңінде референдум комиссиялары мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу бөлігінде олардың қызмет жағдайларын қамтамасыз ету "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес айқындалады.";

4) 27-баптың 3 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Дауыс беруге арналған бюллетеньдер қазақ және орыс тілдерінде басып шығарылады.";

"5. Дауыс беруге арналған бюллетеньдер учаскелік референдум комиссияларына дауыс беруге дейін ерте дегенде үш күн бұрын және кемінде бір күн бұрын учаскедегі сайлаушылардың жалпы санының бір пайызы резервімен жеткізіледі.";

5) мынадай мазмұндағы 31-1-баппен толықтырылсын:

"31-1-бап. Референдум комиссияларының шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасау

Референдум комиссияларының шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) осы Конституциялық заңға қайшы келмейтін бөлігінде "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес шағым жасалуы мүмкін."

2. "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына:

1) 9-баптың 5-2) тармақшасы "және мемлекеттік бағдарламаларды бекітеді" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 12-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

3) 20-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) өздеріне қатысты басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың тиісті салаларда мемлекеттік саясатты қалыптастыруын қамтамасыз етеді;"

4) 22-баптың 1-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Министрлік Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары және Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлеген мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің негізгі бағыттары негізінде және оларды орындау үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тиісті салаларда мемлекеттік саясатты қалыптастырады."

3. "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына:

10-баптың 5-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесін және мемлекеттік бағдарламаларды келіседі;"

4. "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына:

1) 3-бапта:

3-тармақ "оның ішінде" деген сөздерден кейін "кассациялық," деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-2-тармақпен толықтырылсын:

"3-2. Кассациялық соттарды өңіраралық сот мәртебесімен Қазақстан Республикасының Президенті құрады.";

2) 14-баптың 1-тармағында:

3-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3-1) лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін тәртіптік іс жүргізу шеңберінде аудандық сот төрағасының әрекеттерін тексеру үшін оған қатысты материалдарды Сот жюриіне беру туралы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде облыстық соттың жалпы отырысының талқылауына шығаруды, сондай-ақ оны талқылау қорытындылары бойынша материалдарды Сот жюриіне жіберуді қамтамасыз етеді;"

мынадай мазмұндағы 3-2) тармақшамен толықтырылсын:

"3-2) сот істерін қарау кезінде заңдылықты өрескел бұзғаны үшін аудандық сот судьясын, төрағасын немесе облыстық сот судьясын тәртіптік жауаптылыққа тарту немесе тартпау туралы ұсынымды Сот жюриіне беру туралы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде облыстық соттың жалпы отырысының талқылауына шығаруды, сондай-ақ материалдарды Сот жюриіне жіберуді қамтамасыз етеді;"

3) 16-бапта:

1-тармақта:

9-3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9-3) лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін тәртіптік іс жүргізу шеңберінде аудандық сот төрағасының әрекеттерін тексеру үшін оған қатысты материалдарды Сот жюриіне беру туралы мәселені талқылайды және талқылау қорытындылары бойынша тиісті шешім шығарады;"

мынадай мазмұндағы 9-4) тармақшамен толықтырылсын:

"9-4) сот істерін қарау кезінде заңдылықты өрескел бұзғаны үшін аудандық сот судьясын, төрағасын немесе облыстық сот судьясын тәртіптік жауаптылыққа тарту немесе тартпау туралы ұсынымды Сот жюриіне беру туралы мәселені талқылайды;"

2-1-тармақтың 1) тармақшасындағы "екі судьясын" деген сөздер "бір судьясын" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) мынадай мынадай мазмұндағы 2-1-тараумен толықтырылсын:

"2-1-тарау. Кассациялық соттар

16-2-бап. Кассациялық соттарды құру

1. Кассациялық соттарды Жоғарғы Сот Төрағасының Жоғары Сот Кеңесімен келісілген ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті құрады, қайта ұйымдастырады, атауын өзгертеді және таратады.

2. Кассациялық соттар судьяларының жалпы санын Жоғарғы Сот Төрағасының Жоғары Сот Кеңесімен келісілген ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Жоғарғы Сот Төрағасы уәкілетті органның ұсынуы негізінде әрбір кассациялық сот үшін судьялардың санын Жоғары Сот Кеңесімен келісу бойынша белгілейді.

16-3-бап. Кассациялық соттың құрылымы мен құрамы

1. Кассациялық сот төрағадан және судьялардан тұрады.

2. Кассациялық сотта мамандандырылған құрамдар құрылуы мүмкін.

3. Мамандандырылған құрамдарды кассациялық соттың төрағасы жасақтайды.

4. Жалпы отырыс кассациялық сот органы болып табылады.

5. Судья лауазымына кандидаттардың моральдық-адамгершілік қасиеттерін бағалау үшін кассациялық сот жанынан консультативтік-кеңесші орган – Соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңес құрылады.

Кассациялық сот судьялары лауазымдарына кандидаттар бойынша қорытындыларды Соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңес Жоғары Сот Кеңесіне құжаттарды тапсыру мерзімі аяқталғанға дейін беруге тиіс.

Соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестің қорытындысы ұсынымдық сипатта болады.

16-4-бап. Кассациялық соттың өкілеттіктері

Кассациялық сот:

1) сот істері мен материалдарын кассациялық сатыдағы сот ретінде қарайды;

2) сот практикасын зерделейді және оны жинақтау қорытындылары бойынша төмен тұрған сот сатыларының сот төрелігін іске асыруы кезінде заңдылықтың сақталу мәселелерін қарайды;

3) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

16-5-бап. Кассациялық сот төрағасы

1. Кассациялық сот төрағасы судья болып табылады және судья міндеттерін атқарумен қатар:

1) сотта сот ісін жүргізуді ұйымдастыру мәселелерін шешеді;

2) кассациялық соттың жалпы отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді

;

3) сот істерін қарау кезінде заңдылықты өрескел бұзғаны үшін облыстық соттың сот алқасының төрағасын, облыстық сот төрағасын, кассациялық сот судьясын тәртіптік жауаптылыққа тарту немесе тартпау туралы ұсынымды Сот жюриіне беру туралы

мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде кассациялық соттың жалпы отырысының талқылауына шығаруды, сондай-ақ материалдарды Сот жюриіне жіберуді қамтамасыз етеді;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау және судья әдебі нормаларын сақтау жөніндегі жұмысты қамтамасыз етеді;

5) кассациялық соттың жұмыс жоспарын бекітеді;

6) сот практикасын зерделеуді ұйымдастырады;

7) өкімдер шығарады;

8) азаматтарды жеке қабылдауды жүргізеді;

9) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Кассациялық сот төрағасының өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған немесе аяқталған жағдайда төрағаның міндеттерін уақытша атқаруды Жоғарғы Сот Төрағасы осы сот судьяларының біріне жүктейді.

3. Кассациялық сот төрағасы уақытша болмаған жағдайда міндеттерді атқару кассациялық сот төрағасының өкімімен осы кассациялық сот судьяларының біріне жүктеледі.

4. Жоғарғы Сот Төрағасы осы баптың 2 және 3-тармақтарында көзделген міндеттерді атқаруды жүктеудің күшін жоюға және кассациялық сот төрағасының міндеттерін атқаруды осы кассациялық соттың басқа судьясына жүктеуге құқылы.

16-6-бап. Кассациялық соттың жалпы отырысы

1. Кассациялық сот қажетіне қарай, бірақ жылына екі реттен сиретпей жалпы отырыстар өткізеді, оларда:

1) кассациялық сот төрағасының ақпаратын тыңдайды;

2) сот практикасын талқылайды және оны жинақтау қорытындылары бойынша төмен тұрған соттардың сот төрелігін іске асыруы кезінде заңдылықтың сақталу мәселелерін қарайды;

3) сот істерін қарау кезінде заңдылықты өрескел бұзғаны үшін облыстық соттың сот алқасының төрағасын, облыстық сот төрағасын, кассациялық сот судьясын тәртіптік жауаптылыққа тарту немесе тартпау туралы ұсынымды Сот жюриіне беру туралы мәселені талқылайды;

4) кассациялық соттың бір судьясын Жоғарғы Соттың кеңейтілген жалпы отырысына жібереді;

5) Жоғары Сот Кеңесінің, Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот жюриінің және Кадр резерві жөніндегі комиссияның, Жоғарғы Сот жанындағы Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның құрамдарына судьялардың кандидатураларын қарайды және Жоғарғы Соттың кеңейтілген жалпы отырысына тиісті ұсынымдарды шығарады;

6) кассациялық сот судьясының бос лауазымдарына кандидатураларды қарайды және Жоғары Сот Кеңесіне құжаттарды тапсыру мерзімі аяқталғанға дейін тиісті қорытындылар шығарады;

7) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Жалпы отырыс кассациялық сот судьяларының жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде құқықты болады.

3. Кассациялық соттың жалпы отырысының жұмыс тәртібі ол бекіткен регламентте айқындалады.

4. Жалпы отырыстың кадр мәселелеріне және судьялардың тәртіптік жауаптылығы мәселелеріне қатысты шешімдері жасырын дауыс беру арқылы қабылданады.";

5) 17-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жоғарғы Сот жергілікті және басқа да соттардың соттылығына жататын азаматтық, қылмыстық, әкімшілік және өзге де істер бойынша жоғары сот органы болып табылады, заңда көзделген жағдайларда өзінің соттылығына жатқызылған сот істерін қарайды және сот практикасы мәселелері бойынша түсіндірмелер беріп отырады.";

6) 20-баптың 1-тармағында:

мынадай мазмұндағы 3-1) және 3-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"3-1) лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін тәртіптік іс жүргізу шеңберінде облыстық соттың сот алқасы төрағасының, облыстық сот төрағасының, кассациялық сот төрағасының немесе Жоғарғы Соттың сот алқасы төрағасының әрекеттерін тексеру үшін оған қатысты материалдарды Сот жюриіне беру туралы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде Жоғарғы Соттың жалпы отырысының талқылауына шығаруды, сондай-ақ оны талқылау қорытындылары бойынша материалдарды Сот жюриіне жіберуді қамтамасыз етеді;

3-2) сот істерін қарау кезінде заңдылықты өрескел бұзғаны үшін кассациялық сот төрағасын, Жоғарғы Соттың судьясын немесе сот алқасының төрағасын тәртіптік жауаптылыққа тарту немесе тартпау туралы ұсынымды Сот жюриіне беру туралы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде Жоғарғы Соттың жалпы отырысының талқылауына шығаруды, сондай-ақ материалдарды Сот жюриіне жіберуді қамтамасыз етеді;"

4-1) тармақша алып тасталсын;

7) 22-баптың 1-тармағында:

3) тармақшаның екінші бөлігіндегі "Жоғарғы Сот судьялары жалпы санының" деген сөздер "Жоғарғы Соттың жұмыс істеп жүрген судьялары санының" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) тармақша "сот алқалары төрағаларының," деген сөздерден кейін "кассациялық соттар төрағаларының," деген сөздермен толықтырылсын;

7-5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7-5) лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін тәртіптік іс жүргізу шеңберінде облыстық соттың сот алқасы төрағасының, облыстық сот төрағасының, кассациялық сот төрағасының немесе Жоғарғы Соттың сот алқасы төрағасының

әрекеттерін тексеру үшін оған қатысты материалдарды Сот журііне беру туралы мәселені талқылайды және талқылау қорытындылары бойынша тиісті шешім шығарады;"

7-8) тармақша "және сот алқасы төрағасының," деген сөздерден кейін "кассациялық сот төрағасының," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 7-9) тармақшамен толықтырылсын:

"7-9) сот істерін қарау кезінде заңдылықты өрескел бұзғаны үшін кассациялық сот төрағасын, Жоғарғы Соттың судьясын немесе сот алқасының төрағасын тәртіптік жауаптылыққа тарту немесе тартпау туралы ұсынымды Сот журііне беру туралы мәселені талқылайды;"

8) 29-бапта:

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Осы баптың 1-тармағының талаптарына сай келетін, заңгерлік кәсібі бойынша кемінде он сегіз жыл жұмыс өтілі немесе кемінде сегіз жыл судьялық жұмыс өтілі, оның ішінде облыстық сотта кемінде үш жыл судьялық жұмыс өтілі бар азамат кассациялық сот судьясы бола алады.";

6-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстық соттың сот алқасының төрағасы және судьясы, кассациялық сот судьясы лауазымына конкурсқа қатысушылар Соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестің және жұмыс орны бойынша тиісінше Жоғарғы Соттың, облыстық соттың, кассациялық соттың жалпы отырысының қорытындыларын алуға тиіс.";

7-тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) егер Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссия оған қатысты осы Конституциялық заңның 44-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген шешім шығарған күннен бастап екі жылдан аз уақыт өтсе, судьяның;"

9) 30-бапта:

2-тармақта:

бірінші бөлік "және судьясының," деген сөздерден кейін "кассациялық сот судьясының," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік "болып табылатын," деген сөздерден кейін "кассациялық," деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Шалғай жерде орналасқан соттың судьясы лауазымына конкурс өтпеді деп танылған жағдайда, Жоғары Сот Кеңесі осы сот судьясының бос лауазымына Жоғарғы Сотпен келісу бойынша Жоғары Сот Кеңесі бекіткен сыныптау шәкілін негізге ала отырып, Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясында оқуды бітірген және біліктілік емтиханын тапсырған адамды ұсына алады.";

3-тармақ "Облыстық соттар" деген сөздерден кейін ", кассациялық соттар" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақта:

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Кассациялық соттардың төрағалары бос лауазымдарына кандидатуралар, әдетте, кассациялық сот судьялары немесе судья лауазымында кемінде он жыл жұмыс өтілі, оның ішінде облыстық сотта кемінде бес жыл судьялық жұмыс өтілі бар адамдар арасынан ұсынылады.";

төртінші бөлік "және судьяларының," деген сөздерден кейін "кассациялық сот судьясының және төрағасының," деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші бөлік "және сот алқалары төрағаларының," деген сөздерден кейін " кассациялық сот төрағасының," деген сөздермен толықтырылсын;

10) 30-1-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөліктегі ", судьяның іскерлік пен адамгершілік қасиеттерін", "және Судья әдебі кодексінде" деген сөздер алып тасталсын;

үшінші бөліктегі "бір жылдық" деген сөздер "үш жылғы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ алып тасталсын;

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссия тоғыз мүшеден – облыстық соттардың төрт судьясынан, кассациялық соттардың екі судьясынан, Жоғарғы Соттың бір судьясынан және отставкадағы екі судьядан тұрады.";

11) 31-баптың 8-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"8-1. Осы Конституциялық заңның 44-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында, 5-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда судьяны басқа сотқа ауыстыру кезінде судья өзінің келісімімен жүктемесі аз басқа сотқа, төмен тұрған сотқа судьяның бос лауазымына конкурстық тағайындалуы мүмкін.";

12) 33-баптың 1-тармағында:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) партиялық тізімдерге енгізу жағдайларын қоспағанда, судья "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында көзделген тәртіппен кандидат ретінде тіркелсе;"

мынадай мазмұндағы 1-2) тармақшамен толықтырылсын:

"1-2) саяси партияға кіру ниетінің болуына байланысты судья лауазымынан босату туралы өтініш берілсе;"

13) 34-баптың 1-тармағында:

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) саяси партияға кіруі;"

9) және 10) тармақшалардағы "басқа сотқа, басқа мамандануға" деген сөздер " жүктемесі аз басқа сотқа, төмен тұрған сотқа" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 35-бапта:

2-1-тармақтың үшінші бөлігіндегі "және тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бір жүз тоғыз еселенген мөлшерінен" деген сөздер алып тасталсын;

2-2-тармақ алып тасталсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Судьяның отставкасы:

1) ол қылмыс жасаған немесе сот билігінің беделіне нұқсан келтіретін теріс қылық жасаған;

2) саяси партияға кірген;

3) өз тілегі бойынша;

4) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған;

5) ол қайтыс болған немесе оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайларда тоқтатылады.

Жоғары Сот Кеңесі:

1) егер отставкадағы судья "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында көзделген тәртіппен кандидат ретінде тіркелсе;

2) судья лауазымына қайта тағайындалған жағдайда;

3) осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген судьяның отставкасын тоқтату негіздері қаралғанға дейін;

4) егер отставкадағы судья "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес сайланса, судьяның отставкасын тоқтата тұруды жүзеге асырады.

Егер судьяның отставкасын тоқтата тұру туралы шешім қабылдауға негіз болған мән-жайлар жойылса, судьяның отставкасы қалпына келтіріледі.";

15) 38-1-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Судьяларға қатысты тәртіптік істерді қарау үшін Жоғары Сот Кеңесінің жанынан Сот жюриі құрылады.

Сот жюриі он үш судьядан – аудандық соттардың үш судьясынан, облыстық соттардың төрт судьясынан, кассациялық соттардың үш судьясынан және Жоғарғы Соттың үш судьясынан тұрады. Сот жюриіне кеңесші дауыс беру құқығы бар заңгерлер қауымының екі өкілі де кіреді.

Судьялар Сот жюриінің құрамына осы Конституциялық заңның 22-бабының 2-1-тармағына сәйкес Жоғарғы Соттың кеңейтілген жалпы отырысының ұсынымы бойынша тағайындалады, ал заңгерлер қауымының өкілдерін ұйымдардың жарғысына сәйкес олардың ұсынымы бойынша Жоғары Сот Кеңесі тағайындайды.

Жоғары Сот Кеңесі Сот жюриінің құрамына кандидатураларды уәжді шешімімен қабылдауға құқылы.

Сот жюриінің төрағасын Сот жюриі құрамының өзі өздерінің арасынан сайлайды.

2. Сот жюриінің судьяға қатысты материалдарды қарауына мыналар негіз болып табылады:

1) судья әдебіне қайшы келетін, атына кір келтіретін теріс қылық жасағаны үшін судьяға қатысты, лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін сот төрағасына немесе соттың сот алқасының төрағасына қатысты Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы;

2) облыстық соттардың және Жоғарғы Соттың жалпы отырыстарының лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін тәртіптік іс жүргізу шеңберінде сот төрағасының немесе сот алқасы төрағасының әрекеттерін тексеру үшін оған қатысты материалдарды Сот жюриіне беру туралы шешімдері;

3) сот істері мен материалдарын қарау кезінде заңдылықты өрескел бұзғаны үшін судьяны тәртіптік жауаптылыққа тарту мәселесі бойынша ұсыну;

4) судья әдебі жөніндегі комиссиялардың судья әдебіне қайшы келетін, атына кір келтіретін теріс қылық жасағаны үшін тәртіптік іс жүргізу шеңберінде судьяның әрекеттерін тексеру үшін оған қатысты материалдарды Сот жюриіне беру туралы, сондай-ақ тексеру қорытындылары бойынша судьяның судья әдебіне қайшы келетін, атына кір келтіретін теріс қылық жасау фактісі расталған масс-медиадағы, онлайн-платформалардағы, жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарындағы мәліметтер бойынша шешімдері.";

16) 38-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"38-2-бап. Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясы

Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясы (бұдан әрі – Академия) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырады, сот жүйесі кадрларын қайта даярлауды, олардың біліктілігін арттыруды және ғылыми қызметті жүзеге асырады.

Академияда мемлекеттік тапсырыс шеңберінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша осы Конституциялық заңда көзделген талаптарға сай келетін азаматтар оқи алады.

Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде магистратурада оқу үшін Жоғары Сот Кеңесі тиісті жылға аудандық соттардың судьялары бос лауазымдарын ескере отырып, өңірлер бойынша квота белгілеуге құқылы.

Жоғары Сот Кеңесі Академияны жалпы басқаруды жүзеге асыратын уәкілетті орган болып табылады.

Академияны құруды, оның мәртебесін және жұмысын ұйымдастыруды Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды.";

17) 38-3-баптың тақырыбы және бірінші бөлігі "және судьясы," деген сөздерден кейін "кассациялық сот судьясы және төрағасы," деген сөздермен толықтырылсын;

18) 39-бапта:

1-тармақтың үшінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) сот істері мен материалдарын қарау кезінде заңдылықты өрескел бұзғаны үшін тартылуы мүмкін.

Заңдылықты өрескел бұзу деп судья өзінің адал болмауы немесе ұқыпсыздығы салдарынан жол берген, заңды анық және елеулі түрде бұзуы түсініледі.

Заңдылықтың өрескел бұзылу фактісін осы негіз бойынша сот актісінің күшін жойған немесе өзгерткен жоғары тұрған сот сатысы анықтайды және істі қараған судьялардың алқа құрамы қол қойған, судьяны заңдылықты өрескел бұзғаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тарту мәселесі жөніндегі ұсынуда көрсетіледі.

Дәлелдемелерді бағалауға байланысты сот актісінің күшін жою немесе оны өзгерту заңдылықты өрескел бұзу болып табылмайды;"

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Судьялық қате, сондай-ақ сот актісінің күшін жою немесе оны өзгерту, егер заңдылықтың өрескел бұзылу фактісі анықталмаса, судьяның жауаптылығына алып келмейді.";

19) 42-баптың 1-1-тармағында:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1. Жоғары тұрған сот сатысының заңдылықтың бұзылу фактісі анықталған, судьяны тәртіптік жауаптылыққа тарту мәселесі жөніндегі ұсынуды шығарған күн судьяның сот ісін қарау кезінде заңдылықты бұзуына байланысты тәртіптік теріс қылық анықталған күн болып есептеледі, ал заңсыз сот актісі шығарылған күн осындай теріс қылық жасалған күн болып есептеледі.";

екінші бөліктегі "Судья әдебі" деген сөздер "Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы енгізілген күн немесе судья әдебі" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) мынадай мазмұндағы 42-1-баппен толықтырылсын:

"42-1-бап. Судьяны тәртіптік жауаптылыққа тарту кезіндегі оның құқықтарының кепілдіктері

Судья барлық материал Сот жюриіне жіберілгенге дейін олармен танысуға тиіс.

Судья тәртіптік істі қарауға жеке өзі, сондай-ақ өкілдерімен бірге қатысуға құқылы.

Адвокаттар, заң консультанттары палатасының мүшелері болып табылатын заң консультанттары ғана судьяның өкілдері бола алады.";

21) 44-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігінде:

бірінші абзацтағы "біліктілігін" деген сөз "кәсіптік қызметін" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) Академияға біліктілікті арттыру курстарына, оның ішінде жеке жоспар бойынша жібере отырып, атқаратын лауазымына сай келеді деп тану;"

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) жүктемесі аз басқа сотқа, төмен тұрған сотқа ауыстыру туралы;"

2-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның кәсіптік қызметті бағалау нәтижелері бойынша судьяны жүктемесі аз басқа сотқа, төмен тұрған сотқа ауыстыру туралы шешімі Жоғары Сот Кеңесінің судьяны жүктемесі аз басқа сотқа, төмен тұрған сотқа ауыстыру туралы, ал ауысудан бас тартқан жағдайда судьяны атқаратын лауазымынан босату туралы мәселені қарауына негіз болып табылады.";

5-тармақтың екінші бөлігіндегі "басқа сотқа, басқа мамандануға" деген сөздер " жүктемесі аз басқа сотқа, төмен тұрған сотқа" деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 55-баптың бірінші бөлігіндегі "судьялар" деген сөз "судьяларды, отставкадағы судьялар" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап.

1. Осы Конституциялық заң:

1) 2024 жылғы 15 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 4-тармағы 9) тармақшасының бесінші және алтыншы абзацтарын, 16) тармақшасын;

2) 2024 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 4-тармағының 2) тармақшасын, 3) тармақшасының бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші және алтыншы абзацтарын, 6) тармақшасының бірінші, екінші, үшінші және төртінші абзацтарын, 7) тармақшасының төртінші, бесінші, жетінші және сегізінші абзацтарын, 15), 18) және 19) тармақшаларын;

3) 2024 жылғы 1 қарашадан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 4-тармағы 7) тармақшасының үшінші абзацын, 8) тармақшасының бірінші, екінші үшінші, төртінші және бесінші абзацтарын, 9) тармақшасының сегізінші, тоғызыншы және оныншы абзацтарын;

4) 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 4-тармағы 8) тармақшасының алтыншы және жетінші абзацтарын, 10) тармақшасының бірінші, екінші, үшінші, төртінші және бесінші абзацтарын, 11) тармақшасын, 13) тармақшасының төртінші абзацын, 21) тармақшасын;

5) 2025 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 4-тармағының 1) тармақшасын, 3) тармақшасының жетінші абзацын, 4), 5) тармақшаларын, 6) тармақшасының бесінші абзацын, 7) тармақшасының алтыншы абзацын, 9) тармақшасының бірінші, екінші, үшінші, төртінші, жетінші, он бірінші және он екінші абзацтарын, 10) тармақшасының алтыншы және жетінші абзацтарын, 17) тармақшасын;

б) мыналардан:

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларына, сондай-ақ осы Конституциялық заң қолданысқа енгізілгенге дейін отставкада болған, өмір бойғы қамтылым алған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларына қатысты 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап;

кассациялық соттардың, облыстық және оларға теңестірілген соттардың судьяларына, сондай-ақ осы Конституциялық заң қолданысқа енгізілгенге дейін

отставкада болған, өмір бойғы қамтылым алған облыстық және оларға теңестірілген соттардың судьяларына қатысты 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап;

аудандық және оларға теңестірілген соттардың судьяларына, сондай-ақ осы Конституциялық заң қолданысқа енгізілгенге дейін отставкада болған, өмір бойғы қамтылым алған аудандық және оларға теңестірілген соттардың судьяларына қатысты 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 4-тармағы 14) тармақшасының екінші абзацын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. 2025 жылғы 1 шілдеге дейін мыналардың:

1) 1-баптың 4-тармағы 6) тармақшасының үшінші және төртінші абзацтарының қолданысы тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы абзацтар мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"3-1) лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін тәртіптік іс жүргізу шеңберінде облыстық соттың сот алқасы төрағасының, облыстық сот төрағасының немесе Жоғарғы Соттың сот алқасы төрағасының әрекеттерін тексеру үшін оған қатысты материалдарды Сот жюриіне беру туралы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде Жоғарғы Соттың жалпы отырысының талқылауына шығаруды, сондай-ақ оны талқылау қорытындылары бойынша материалдарды Сот жюриіне жіберуді қамтамасыз етеді;

3-2) сот істерін қарау кезінде заңдылықты өрескел бұзғаны үшін облыстық соттың сот алқасының төрағасын, облыстық сот төрағасын, Жоғарғы Соттың судьясын немесе сот алқасының төрағасын тәртіптік жауаптылыққа тарту немесе тартпау туралы ұсынымды Сот жюриіне беру туралы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде Жоғарғы Соттың жалпы отырысының талқылауына шығаруды, сондай-ақ материалдарды Сот жюриіне жіберуді қамтамасыз етеді;"

2) 1-баптың 4-тармағының 7) тармақшасы үшінші абзацының қолданысы тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы абзац мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) облыстық соттардың төрағалары, сот алқаларының төрағалары, кассациялық соттардың төрағалары мен судьялары, Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары және судьялары бос лауазымдарына кандидатураларды қарайды және тиісті қорытындылар шығарады;"

3) 1-баптың 4-тармағының 7) тармақшасы бесінші абзацының қолданысы тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы абзац мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"7-5) лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін тәртіптік іс жүргізу шеңберінде облыстық соттың сот алқасы төрағасының, облыстық сот төрағасының

немесе Жоғарғы Соттың сот алқасы төрағасының әрекеттерін тексеру үшін оған қатысты материалдарды Сот жюриіне беру туралы мәселені талқылайды және талқылау қорытындылары бойынша тиісті шешім шығарады;"

4) 1-баптың 4-тармағының 7) тармақшасы сегізінші абзацының қолданысы тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы абзац мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"7-9) сот істерін қарау кезінде заңдылықты өрескел бұзғаны үшін облыстық соттың сот алқасының төрағасын, облыстық сот төрағасын, Жоғарғы Соттың судьясын немесе сот алқасының төрағасын тәртіптік жауаптылыққа тарту немесе тартпау туралы ұсынымды Сот жюриіне беру туралы мәселені талқылайды;"

5) 1-баптың 4-тармағының 8) тармақшасы бесінші абзацының қолданысы тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы абзац мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"Облыстық соттың сот алқасының төрағасы және судьясы лауазымына конкурсқа қатысушылар Соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестің және жұмыс орны бойынша тиісінше Жоғарғы Соттың немесе облыстық соттың жалпы отырысының қорытындыларын алуға тиіс. Кассациялық сот судьясы лауазымына конкурсқа қатысушылар Жоғарғы Соттың жалпы отырысының қорытындысын алуға тиіс.";

6) 1-баптың 4-тармағының 15) тармақшасы үшінші абзацының қолданысы тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы абзац мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"Сот жюриі он үш судьядан – аудандық соттардың төрт судьясынан, облыстық соттардың бес судьясынан және Жоғарғы Соттың төрт судьясынан тұрады. Сот жюриіне кеңесші дауыс беру құқығы бар заңгерлер қауымының екі өкілі де кіреді.".

**Қазақстан Республикасының
Президенті Қ. ТОҚАЕВ**